

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Бекітемін

ШЖК РМҚ «Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің» ректоры

Т. Балықбаев

2020 ж.



Абай Құнанбаевтың 175, Әл-Фарабидің 1150,  
Алтын Орданың 750 жылдығы және «XXI ғасырдың Абай  
университеті» аясындағы  
«Ұлттық жады және болашақ тағылымы»  
атты эссе байқауының  
ЕРЕЖЕСІ

Алматы, 2020

**Абай Құнанбаевтың 175, Әл-Фарабидің 1150,  
Алтын Орданың 750 жылдығы және «XXI ғасырдың Абай  
университеті» аясындағы «Ұлттық жады және болашақ  
тағылымы» эссе байқауының  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Студенттер мен магистранттар арасындағы эссе байқауының тұжырымдамасы, мақсаты мен міндеттері, оның ұйымдастырушылары, қатысушылары**

1.1. Эссе байқауының тұжырымдамасы - қазақ және әлем әдебиетінің классигі Абай Құнанбайұлының туындыларын, «Екінші ұстаз» аталған Әбу-насыр Әл-Фараби мұраларын, төл тарихымыздың дінгегіне айналған Алтын Орда тарихын студенттер мен магистранттар арасында кеңінен насихаттап тарату.

Эссе байқауының мақсаты - студенттер мен магистранттарды бай тарихымыздың асыл мұралары мен даналарымыздың даңғыл жолындағы ізгілік тағылымдарына баулу.

1.2. Байқаудың міндеттері:

- дамыту – тарихи танымдық деректер мен рухани мол мұраны ұштастыра отырып, дәлелдер мен дәйектерді қолданып мазмұнды жазу машықтарын қалыптастыру;

- білім беру – студенттер мен магистранттардың оқырмандық ой-өрісін кеңейту;

- тәрбиелеу - отансүйгіштікті тәрбиелеу, көп тілділікке ынталандыру.

1.3. Байқаудың тілдері - қазақ тілі, орыс тілі.

1.4. Эссе байқауының ұйымдастырушысы - «Мансап» орталығы.

1.5. Эссе байқауына ғылыми-танымдық қолдау көрсетуді Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университетінің ФКББИ, ТҚИ жүзеге асырады.

1.6. Байқауды ұйымдастыруға және өзгертуге жетекшілікті конкурсты ұйымдастырушылардың өкілдерінен құралатын Ұйымдастыру тобы жүзеге асырады.

1.7. Ұйымдастыру тобы құрамында 5 адамнан құралатын Байқаудың қазылар алқасын бекітеді.

1.8. Байқауға қатысушылар – студенттерден 1-4 курс, магистранттардан 1-2 курс қатыса алады.

1.9. Байқау төрт тақырыптық бағыттың негізінде өтеді:

- «Абай басқан ізбенен...» (Абай-175 жыл)

- «Кемеңгерліктің кілтін салған...» (Әбу-насыр Әл-Фараби 1150 жыл)

- «Тағылымды тарих хақында...» (Алтын Орда 750 жыл)

- «XXI ғасырдың - Абай университеті» (Абай атындағы ҚазҰПУ)

## **2. Эссе байқауының мазмұны мен шарттары**

2.1. Қатысушы төрт тақырыптық бағыттың бірін таңдап жазған эссесін ұсынады.

2.2. Эссе тақырыбын қатысушының өзі анықтайды.

2.3. Эссе тақырыбы 1.9 көрсетілген негізгі тақырыптық бағыттарға сай келуі тиіс.

2.4. Эссе көлемі – 500 сөзден кем болмауы тиіс.

2.5. Байқау қатысушылары *2020 жылдың 25 тамызына дейін* эссесін кешіктірмей ұсынуы тиіс.

Байқауға өтінімдерді ұсыну мекен-жайы - №1 корпус, Қазыбек би 30, 206 кабинетіне әкеліп, немесе [rahimberdi777@mail.ru](mailto:rahimberdi777@mail.ru) эл.поштасына - «*Абай эссе*» деген атаумен жолдау керек.

2.6. Байқаудың нәтижесін жариялау мерзімі – *29 тамыз 2020 жыл*, Салатанатты марапаттау рәсімі – *08 қыркүйек 2020 жыл*.

## **3. Бағалау критерийлері**

3.1. Төменде көрсетілген критерийлердің әрқайсысы бойынша 5-10 аралығында ұпайлар қойылады

- тың тақырып;
- жазу сауаттылығы;
- грамматикалық сауаттылығы;
- ойды дәл жеткізуі;
- деректердің берілуі;
- шынайлығы;

## **4. Байқаудың жеңімпаздарын көтермелеу**

Ұпайлардың жиынтық саны бойынша қазылар алқасы әр тақырыпта үш жеңімпазды анықтайды, олар дипломдармен, арнайы жүлде қорымен марапатталады.

## **5. ЖЕҢІМПАЗДАРДЫ МАРАПАТТАУ:**

5.1. Жеңімпаздардың арнайы номинациялары:

Байқаудың барлық төрт тақырыптық бағыты жекелей жүлделі орындармен және арнайы дипломмен марапатталады:

1-орын – 50 000 тг

2-орын – 30 000 тг

3-орын – 20 000 тг



AR, 2 mus of [unclear] - [unclear]